

## БЕКІТІЛДІ

«Торайғыров университеті» КеАҚ

Директорлар кеңесінде

(хаттама 2025 ж. «25» 06 № 6)



### 2025-2026 жылдарға арналған жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша КеАҚ «Торайғыров университеті» оқуға қабылдау ережесі (бакалавриат)

1. Осы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын КеАҚ «Торайғыров университеті» (бұдан әрі TOU) оқуға қабылдаудың ережелері "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленді (2024.03.05 № 212 өзгерістер мен толықтырулар).

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының КеАҚ «Торайғыров университетіне» (бұдан әрі – TOU) адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын TOU-ға қабылдау рәсімі**

3. ТоU -ға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

4. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша: басқа TOU -ға – кемінде 50 балл, "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл, оның ішінде

ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

#### 4-1. Шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын:

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырған және бір мезгілде жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың (ағылшын тілі) бірін ұсынған жағдайда ҰБТ сертификаты үшін шет тілі (ағылшын тілі) балдарының ең жақсы нәтижесі ескеріледі.

SAT (ЭсЭйТи – САТ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2 қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

4-2. Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да "Қазақ тілі" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

4-3. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

5. TOU Заңның 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес Заңның 26-бабының 8 және 9-тармақтарында көрсетілген түсушілерді қоспағанда, даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін өту балын айқындайды.

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар TOU -ға

қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды TOU -дың қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

TOU-ға жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды TOU -дың қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде TOU -ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде TOU -ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде TOU қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

7. Шетел азаматтарын білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық ЖЖОКБҰ-ларға қабылдауды TOU дербес жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау TOU -ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте шетелдік азаматтарды білім беру гранты және ақылы негізде қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен TOU жүзеге асырады.

7-1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды TOU-ға қабылдау процесінде құжаттарды дайындауға көмек (қажет болған жағдайда мемлекеттік грантқа, кәсіпорындар мен ұйымдардың, қоғамдық қорлардың грантына конкурсқа қатысу үшін құжаттарды дайындау), ҚК қызметкерлерінің толық техникалық, студенттер қатарына қабылданғанға дейін жеке консультация беруді қамтитын толық сүйемелдеу қамтамасыз етіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ҚК жұмысы кезінде кеңес беру орталығы үнемі жұмыс істейді.

8. TOU -ға оқуға түсу кезінде "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33174 болып тіркелген) бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

9. TOU -ға түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23

казандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында орналастырылатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

10. Әрбір TOU -да басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына TOU -дың басшысы, проректорлар, TOU -ның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы TOU -ның басшысы болып табылады. TOU басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

**1-параграф. Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі**

11. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

12. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма Төрағасы-Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан TOU өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. "Өнер" даярлау бағыты бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

13. Шығармашылық емтихандарды өткізу осы ережелердегі 1-қосымшаға сәйкес шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін шығармашылық емтихандар тапсыру үшін TOU -дың қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);
- 2) цифрлік фото;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

14. Білім беру грантына шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау TOU -да күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 07 шілдесіне дейін жүзеге асырылады.

Білім беру грантына шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 шілдесіне дейін өткізіледі.

Шығармашылық емтиханды ақылы негізде тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау TOU -да күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен 05 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 06 тамызынан 15 тамызына дейін өткізіледі.

15. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы ережелердегі 1-1-қосымшаға сәйкес шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

16. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсетін тұлғалар республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін шығармашылық емтиханды өздері таңдаған TOU -да тапсырады, ақылы негізде TOU -ға оқуға түсушілерді қоспағанда.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

17. Шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын TOU әзірлейді және TOU қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

18. Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және TOU -дың ресми интернет-ресурсында жарияланады.

19. Оқуға түсуші шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

20. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі,

сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

21. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

22. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

23. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

24. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір Басқарма Төрағасы - Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

25. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

26. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

27. Меншік нысанына қарамастан ЖЖОКБҰ республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде TOU -ға оқуға қабылдау үшін қосымша, шығармашылық емтиханның қорытындысын қосымша, шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

### **3-тарау. ЖЖОКБҰ-ға қабылдау тәртібі**

28. TOU -ға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар TOU -ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы ережелердегі 3-қосымшаға сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің

(бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге TOU -ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін TOU басшысы көрсетілетін қызметті алушыны TOU студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

28-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Ережелерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

28-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті

алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

28-3. Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін TOU -ның студенттері қатарына қабылдауды TOU басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен TOU -ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

29. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы ережелердің 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар TOU -ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

TOU -да жаңа оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Осы Ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша ToU -дан шығарылуға жатады.

30. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген TOU -ға қабылдау туралы өтініш береді және Басқарма Төрағасы - Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған TOU -ға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары

немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

31. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Ережелердің 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі Басқарма Төрағасы-Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде TOU -ға қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін Басқарма Төрағасы-Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде TOU -ға қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ережелердің 33-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

32. Осы Ережелердің 5-тармағында көзделген ҰБТ-ның нәтижелері бойынша осы Ережелердің 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар Басқарма Төрағасы-Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде TOU -ға қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы Ережелердің 15, 33, 36, 37-тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

33. TOU -ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

34. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде TOU -дың студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

35. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

36. Қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға TOU -ға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

**ҚК жауапты хатшысы**



**С. Ксембаева**

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары  
бойынша  
КЕАҚ Торайғыров университеті оқуға  
кабылдау ережесіне  
1-қосымша

### Шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B021	Орындаушылық өнер
B027	Театр өнері
B031	Сән, дизайн
B042	Журналистика және репортер ісі
B073	Сәулет

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары  
бойынша  
КЕАҚ Торайғыров университеті оқуға  
кабылдау ережесіне  
1-1-қосымша

### Шығармашылық емтиханның өткізу формасы

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Шығармашылық емтиханның өткізу формасы
1	2	3
B021	Орындаушылық өнер	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың карапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
B027	Театр өнері	Актёрлік шеберлік, сахна Би, вокал
B031	Дизайн	Сурет Сызу
B042	Журналистика	Шығарма Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
B073	Сәулет	Сурет Сызу

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары  
бойынша  
КЕАҚ Торайғыров университеті оқуға  
кабылдау ережесіне  
2-қосымша

### SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған SAT (ЭсЭйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификатының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінде жинаған балды "оқу сауаттылығы" және "математикалық сауаттылық" пәндері бойынша ҰБТ сертификаты балдарына ауыстыруға болады (1-кесте).

**Кесте 1. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.**

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) халықаралық ҰБТ
---

стандартталған тест			
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу саuatтылығы	10-нан 7
		Математикалық саuatтылық	10-нан 7
	кемінде 1 050 балл (1600 балдан)	Оқу саuatтылығы	10-нан 8
		Математикалық саuatтылық	10-нан 8
	кемінде 1 150 балл (1600 балдан)	Оқу саuatтылығы	10-нан 9
		Математикалық саuatтылық	10-нан 9
	кемінде 1 250 балл (1600 балдан)	Оқу саuatтылығы	10-нан 10
		Математикалық саuatтылық	10-нан 10

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) ең төменгі балы 1600-ден 950 балдан кем болмауы тиіс. SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінің балдары жеткіліксіз болса, SAT балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылмайды.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәнінен ҰБТ тапсырған және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) пәндерінің ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттарының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) бөлімдері бойынша балдар SAT Reasoning (Кесте 1) және SAT subject (Кесте 2) ауыстыру шкаласына сәйкес ҰБТ балдарына ауыстырылады.

**Кесте 2. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.**

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу саuatтылығы	10-нан 7
		Математикалық саuatтылық	10-нан 7
	кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу саuatтылығы	10-нан 8
		Математикалық саuatтылық	10-нан 8
	кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу саuatтылығы	10-нан 9
		Математикалық саuatтылық	10-нан 9
	кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу саuatтылығы	10 нан 10
		Математикалық саuatтылық	10-нан 10
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 44
		2 бейіндік пән	50-ден 44
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 46
		2 бейіндік пән	50-ден 46
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 48
		2 бейіндік пән	50-ден 48
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 50
		2 бейіндік пән	50-ден 50

Ескерту: SAT subject балын ҰБТ дағы бейіндік пәндердің балына ауыстыру SAT subject иегерінің еркімен және балы 800-ден бастап ең төменгі 625 балдан кем болмаған жағдайда жүзеге ауыстырылады. SAT reasoning, SAT subject бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. SAT сертификатының иегері SAT subject бөлімінің балын ескермей, ҰБТ-ның бейіндік пәндерін тапсыруына болады.

\*ҰБТ-ның бейіндік пәндері ретінде "Ағылшын тілі – Дүниежүзі тарихы" таңдаған және "World History" пәнін тапсырған SAT Subject иегерлерінің ағылшын тілінен International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшада белгіленген шкалаға сәйкес міндетті түрде сертификаты болуы тиіс.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

АСТ (ЭйСйТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәні бойынша қазақ немесе орыс тілінде ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін АСТ (ЭйСйТи) сертификатының мерзімі берілген күнінен үш жылдан аспауы керек.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесттің English, Mathematics, Reading бөлімдері бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның "оқу сауаттылығы" мен "математикалық сауаттылық" пәндеріне, Science бөлімі бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне белгіленген шкаласына сәйкес ауыстырылады (Кесте 3).

**Кесте 3 Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы**

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесті		ҰБТ	
Тест бөлімі	Балдар	Тест бөлімі	Балдар
English		Оқу сауаттылығы	10-нан 7
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)	Математикалық сауаттылық	10-нан 7
English		Оқу сауаттылығы	10-нан 8
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)	Математикалық сауаттылық	10-нан 8
English		Оқу сауаттылығы	10-нан 9
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)	Математикалық сауаттылық	10-нан 9
English		Оқу сауаттылығы	10-нан 10
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 26 балл (36 балдан)	Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 19 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 44 50-ден 44
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 21 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 46 50-ден 46
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 23 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 48 50-ден 48
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 26 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 50 50-ден 50

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін АСТ ең төменгі балы 36-ның 19 балдан кем болмауы тиіс. АСТ бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. АСТ Science бөлімінің биология, география, химия, физика белгіленген шкалаға сәйкес ҰБТ пәндеріне ауыстырылады.

IB (International Baccalaureate) (АйБи) Халықаралық бакалавриат бағдарламасы сертификаты/диплом балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 4-кестеде берілген.

**Кесте 4. Халықаралық стандартталған IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.**

№	IB (АйБи) Пәндері	IB балдары	1	2	3	4	5	6	7
1	Математика/математикалық сауаттылық	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: IB (АйБи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты бар тұлғалар "Қазақстан тарихы" мен "Оқу сауаттылық" пәндерінен ҰБТ тапсырған жағдайда және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 5-кестеде берілген.

Кесте 5. A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндері	ҰБТ балдары	A Level (Э-Левел)						
			U	E	D	C	B	A	A*
1	Математика/математика (математикалық сауаттылық)	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: Халықаралық стандартталған тест сертификаттары SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) балдарын ҰБТ балдарына жекелеген пәндер бойынша ауыстыру жасалмайды.

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	"Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және одан жоғары	50	50
2		5.5	46	46
3		5.0	42	42

Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL iтр (ТОЙФЛ АЙТИПИ) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	"Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	60 және одан жоғары	50	50
2		46-59	46	46
3		35-45	42	42
1	TOEFL iтр (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	498 және одан жоғары	50	50
2		460-497	46	46
3		433-459	42	42

SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) халықаралық стандартталған тесттердің сертификаттарында (дипломдарында) ағылшын тілі пәні болмаған жағдайда Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес бірге қолданылуына рұқсат етіледі.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша  
КЕАҚ Торайғыров университеті оқуға қабылдау ережесіне  
2-1-қосымша

ҚАЗТЕСТ сертификаты балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы (бейіндік пән/арнайы пән "Қазақ тілі")

Тест түрі	Балдары	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" арнайы пән бойынша балы
ҚАЗТЕСТ	128-160	50	50
	96-127	46	46
	80-95	42	42

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша  
КЕАҚ Торайғыров университеті оқуға қабылдау ережесіне  
2-2-қосымша

5	Қазақстан тарихы	20	7	11	13	16	17	19	20
6	Математика (Математикалық сауаттылық)	10	3	5	6	7	8	9	10
7	Математика (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
8	Бейіндік пәндер	50	16	26	32	40	46	49	50

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша  
КЕАҚ Торайғыров университеті оқуға қабылдау ережесіне  
3-қосымша

**"Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

1.	Көрсетілетін берушінің атауы	қызметті	Мемлекеттік қызметті КЕАҚ Торайғыров университеті (TOU) – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	көрсету	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www. egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	көрсету	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде 1 жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	көрсету	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	көрсету	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және TOU -ға қабылдау туралы бұйрық болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	көрсету	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін берушінің және объектілерінің жұмыс графигі	қызметті және ақпарат	Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары: 1) Министрліктің интернет-ресурсында: www. edu. gov. kz; 2) порталда: www. egov. kz орналастырылған.
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті	көрсету	көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) TOU басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

алушыдан талап етілетін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе құжаттар мен мәліметтердің жоғары білімі туралы құжат (төлнұсқа);

тізбесі

3) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) цифрлік фото;

5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) ҰБТ сертификатын;

7) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік.

Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

Осы 2) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

портал арқылы өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (акпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) 3x4 көлеміндегі цифрлық фото;

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

5) ҰБТ сертификаты;

6) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтама, ҰБТ электрондық сертификаты және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (акпараттық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік акпараттық жүйелерден акпараттық жүйе арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда "жеке кабинетінде" TOU -ға қабылдау үшін құжаттардың қабылдағаны туралы хабарламаны алғаннан

		<p>кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 20 маусым -25 тамызы аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.</p> <p>TOU -ға қабылдау үшін мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар TOU қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) TOU басшысының атына еркін нысанда өтініш;</li> <li>2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);</li> <li>3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</li> <li>4) 3 x 4 сантиметр болатын цифрлік фото;</li> <li>5) "денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматтағы 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама (бұдан әрі - № ҚР бұйрығы ДСМ-175/2020). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;</li> <li>6) әскери билеттің көшірмесі;</li> <li>7) мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (ХҚКО-дан немесе E-GOV акпараттық жүйесі арқылы алынған).</li> </ol>
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</li> <li>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</li> </ol>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;</li> <li>2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут (практиканы ескере отырып).</li> </ol> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p> <p>Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.</p>